10.4 Айналым бағытын тексеру	58
10.5 Іске қосу	58
10.6 Білік тығыздағышын жүргізіп жаттықтыру	58
10.7 Бақылау аппаратураларының реперлі көрсеткіштері	58
10.8 Жарылысқа қорғалған сорғыларды пайдалануға енгізер алдындағы қосымша тексерулер	59
11. Пайдалану	59
12. Техникалық қызмет көрсету	59
12.1 Сорғы	59
12.2 Кронштейндегі мойынтіректі майлау	60
12.3 Жабдық мониторингі	61
12.4 Электр қозғалтқышы	61
12.5 Ластанған сорғылар	61
12.6 Техникалық қызмет көрсету/қарау	61
13. Істен шығару	61
14. Төмен температуралардан қорғау	61
15. Техникалық сипаттамалар	62
16. Ақаулықтың алдын алу және жою	65
17. Бұйымды көдеге жарату	67
18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі	67
1-қосымша.	68
2-қосымша.	69



Ескертпе

Жабдықты құрастыру бойынша жұмыстарға кіріспес бұрын атаулы құжатты мұқият оқу керек. Жабдықты құрастыру және пайдалану атаулы құжаттың талаптарына, сонымен қатар жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүргізілуі тиіс.

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар



Ескертпе

Атаулы жабдықты пайдалану осы туралы білімі мен қажетті жұмыс тәжірибесін иеленген персоналмен жүргізіледі. Физикалық, ақыл-ой мүмкіндіктерімен шектелген, көру және есту қабілеттерімен шектелген тұлғалар атаулы жабдықты пайдалануға жол берілмейді. Атаулы жабдыққа балалардың қолжетімділігіне тиым салынады.

1.1 Құжат туралы жалпы мәліметтер

Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық, әрі қарай мәтін бойынша – Нұсқаулық, құрастыру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы тиіс қағидаттық нұсқауларды қамтиды. Сондықтан құрастыру және іске қосу алдында оларды персонал немесе тұтынушы міндетті түрде зерделеуі тиіс. Нұсқаулық ұдайы жабдықтың пайдаланатын жерінде тұруы қажет.

Тек «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні

Жабдыққа тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін нұсқар,
- айдау ортасын беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы,

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;

- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерін өз бетімен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыны қайта жабдықтау немесе үлгілендіру дайындаушымен келісе отырып қана орындалуға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындары мен бөлшектері, сонымен қатар дайындаушы фирмамен қолдануға рұқсат етілген құрылымдаушылар пайдаланылымының сенімділігін қамтамасыз етуге тартылғандар.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану осының салдарының нәтижесінде туындаған жауапкершілігіндегі дайындаушы бас тартуын туындатады.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Сақталудың мейлінше жоғары тағайындалған мерзімі 2 жылды құрайды.

Ұзақ уақыт сақтау барысында жұмыс дөңгелегін айына кемінде бір рет айналдырып отыру керек.

Пайдалану басына дейін ауа шығаруға арналған саңылаудың бұрандалы тығынын тартпаңыз және дренажды саңылау тығынының орнына орнатпаңыз.

Егер сұйықтықтан ұзақ уақыт бойы тұрар алдында сұйықтығын төгіп тастаса, тығыздағыш маңындағы білікке бірнеше тамшы силикон майын тамызу керек. Бұл білікті жабысудан сақтайды.

Сақтау температурасы: м.т. -30 °C; м.ж. +60 °C дейін.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсу себебі және адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарларына ие болуы мүмкін.



Ескертпе
Осы ережелер жарылыстан сақтандырылған жабдықтармен жұмыс атқару кезінде сақталуы тиіс. Сонымен қатар осы ережелердің стандартты орындалым жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде де сақтау ұсынылады.



Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның қауыпін туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.



Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы Нұсқаулық NK, NKG, NKE, NKGE сорғыларына таратылады. NK, NKG сорғылары жарылысқа қарсы орындалымда жеткізіледі.

NK және NKGE сорғылары қолжетімді жиілікті түрлендіргішінің функционалы бойынша 2 типке бөлінеді:
 - NKE және NKGE сорғылары 2,2 кВт дейінгі қуаттылығымен;
 - NKE және NKGE сорғылары 2,2 кВт жоғары қуаттылығымен.

Сорғының нақты типіндегі баптаулары мен қосылымы үшін, қосымша ақпараттың қажеттілігі жағдайларында, бұдан әрі мәтін бойынша сорғының нақты типінің арнайы талаптары мен функционалын сипаттайтын қосымшаға сілтеме келтірілетін болады (мысалы, NKE және NKGE жиілікті түрлендіргішті сорғыларында басқару режимдерін баптауларын).


Бұйым құрылымы

Сорғылар көлденең орналасқан білікті, өзекті сорып алатын және радиалды келте құбырларлы стандартты сыртқа тебуші бір сатылы өздігімен сормайтын сорғы болып табылады.

NK(E) және NKG(E) сорғылары шойын мен тот баспайтын болаттан жасалған ағынды бөлігімен және шойын, тот баспайтын болат және қоладан жасалған жұмыс дөңгелектерімен қолжетімді.


NKE және NKGE сорғыларының механикалық бөлшегі сәйкесінше NKE және NKGE сорғыларының механикалық бөлшегін құрылымды түрде қайталайды, мұнда атаулы сорғылар кіріктірілген жиілікті түрлендіргішті электр қозғалтқыштарымен жабдықталады.

NK(E), NKG(E) сорғыларының кесігі 1 және 2-суреттерде келтірілген.



TM05 1527 3211

1-сур. Кесіктегі NK, NKG сорғылары (радиалды бұру)





TM05 1528 3211

2-сур. Кесіктегі NK, NKG сорғысы (тангенциалды бұру), DN 200 және DN 250

Материалдар ерекшелігі, NK, NKG

Айқ.	Сипаты	Материал
6	Сорғы корпусы	EN-GJL-250
		1.4408/CF8M
		1.4517/CD4MCuN
7	Муфта қаптамасы	1.4301/AISI 304
8a	Муфта	Төмендегі кестені қараңыз
8f	Майсауыт	–
11	Кілтек	1.4401/AISI 316
11a	Кілтек	Болат
		2.0401/CuZn44Pb2
		1.4401/AISI 316
17	Ауа клапаны	1.4539/AISI 904L
		ISO 898 8,8 Көміртекті болат
		1.4401/AISI 316
20	Тығын	1.4539/AISI 904L
		1.4401/AISI 316
		1.4539/AISI 904L
24	Алты қырлы бастиегі бар бұранда	1.4401/AISI 316
		1.4539/AISI 904L
		1.4401/AISI 316
24b	Алты қырлы бастиегі бар бұранда	1.4539/AISI 904L
		CuSn10
		CuZn34Mn3Al2Fe1-C
45	Саңылаулы тығыздық	EN-GJL-250
		1.4517/CD4MCuN
		Карбон-графит-толтырылу PTFE (Graflon®)
		CuSn10
45b	Саңылаулы тығыздық	CuZn34Mn3Al2Fe1-C
		EN-GJL-250
		1.4517/CD4MCuN
		Карбон-графит-толтырылу PTFE (Graflon®)
49	Жұмыс дөңгелегі	EN-GJL-200
		CuSn10
		1.4408/CF8M
		1.4517/CD4MCuN
51	Білік	1.4034 + 1.0569/AISI 420 Көміртекті болат
		1.4401 + 1.0569/AISI 316 Көміртекті болат
		1.4462 + 1.0569/ASTM J92205 Көміртекті болат
53	Терең шайқау жолды шарлы мойнтірек	2ZR.C3
	Радиальді-тіректі мойнтірек	BECBJ (SKF)
53a	Көлденең қимасының тығыздағыш шығыршығы	EPDM/FKM
53c	Аралық шығыршық, ішкі	1.4308
53d	Аралық шығыршық, сыртқы	1.4309
53e	Стопорлы шайба	Болат
53f	Стопорлы сомын	Болат
54	Терең шайқау жолды шарлы мойнтірек	2ZR.C3
	Шайқау мойнтірегі	ECJ (SKF)
54a	Көлденең қимасының тығыздағыш шығыршығы	EPDM/FKM
58	Сорғы корпусының тығыздағышы	1.4517/CD4MCuN
58d	Көлденең қимасының тығыздағыш шығыршығы	E/F/K/M/V/X
65	Жарықтық тығыздағыш бекіткіші	1.4517/CD4MCuN
65b	Жарықтық тығыздағыш бекіткіші	1.4517/CD4MCuN
		1.4301/AISI 304
		1.4401/AISI 316
66	Шайба	1.4539/AISI 904L
		1.4301/AISI 304
		1.4401/AISI 316
66a	Серіппелі шайба	1.4539/AISI 904L
		1.4401/AISI 316

Қалыпты орындалымдағы сорғының фирмалық тақтасы





Айқ. Мағынасын ашу

- 1 Сорғының типтік белгілері
- 2 Сорғының моделі (07 – дайындалу жылы, 02 – дайындалу аптасы)
- 3 Номиналды беріліс
- 4 Номиналды тегеурін
- 5 Айналымның мейлінше жоғары жиілігі
- 6 Аударып қотару сұйықтығының номиналды қысымы/ мейлінше жоғары температурасы
- 7 MEI (Энергиялық тиімділіктің мейлінше төмен индексі)
- 8 ПӘК
- 9 Дайындаған елі
- 10 Нарықтағы айналым белгілері

3-сур. NK, NKG сорғыларының фирмалық тақтасы

Жарылысқа қорғалу орындалымында сорғылардың фирмалық тақтасы



Айқ. Мағынасын ашу

- 1 MEI (энергиялық тиімділіктің мейлінше төмен индексі)
- 2 ПӘК
- 3 Сорғының типтік белгісі
- 4 Сорғының моделі (07 – дайындалу жылы, 02 – дайындалу аптасы)
- 5 Сорғылық агрегаттың электрлі емес бөлігінің жарылысқа қорғалуындағы таңбалануы
- 6 Техникалық файл нөмірі
- 7 Айдау сұйықтығының номиналды қысымы/мейлінше жоғары температурасы
- 8 Дайындаған елі
- 9 Номиналды беріліс
- 10 Номиналды тегеурін
- 11 Айналымның мейлінше жоғары жиілігі
- 12 Нарықтағы айналым белгілері

4-сур. NK, NKG сорғыларының жарылысқа қорғалуының фирмалық тақтасы

Типтік белгілері

1-мысал	NK	E	32	-125	.1	/142	A1	F	1	A	E	S	BAQE
2-мысал	NKG	E	125	-100	-160	/160-142	H2	F	3	N	KE	O	2926
Өнім типі													
Электр қозғалтқышының типі													
Стандартты электр қозғалтқышы бар сорғы													
Жілік-реттегішті қозғалтқышы бар сорғы													
Сорып алатын келте құбырының номиналды диаметрі (DN)													
Тегеурінді келте құбырдың номиналды диаметрі (DN)													
Жұмыс деңгелегінің номиналды диаметрі (мм)													
Төмендетілген өндірімділік = .1													
Жұмыс деңгелегінің нақты диаметрі (мм)													

Типтік белгісінің мағынасын ашу (кодтар үйлестігіне жол береді)

- A1 Базалық орындалым, стандартты мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланады. Муфта-стандарт
- A2 Базалық орындалым, стандартты мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланады. Муфта-қойылатын
- B Көбейтілген қуаттағы электр қозғалтқышы
- E Жарылысқа қорғалған орындалым (сорғы орындалымының екінші символы – E әрпі)
- G1 Ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын. Муфта – стандарт
- G2 Ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын. Муфта – қойылатын
- H1 Ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, маймен майланатын. Муфта – стандарт
- H2 Ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, маймен майланатын. Муфта – қойылатын
- I1 Электр қозғалтқышсыз, стандартты мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын. Муфта – стандарт
- I2 Электр қозғалтқышсыз, стандартты мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын. Муфта – қойылатын
- J1 Электр қозғалтқышсыз, ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын. Муфта – стандарт
- J2 Электр қозғалтқышсыз, ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын. Муфта – қойылатын

K1	Электр қозғалтқышсыз, ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, маймен майланатын. Муфта – стандарт.
K2	Электр қозғалтқышсыз, ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, маймен майланатын. Муфта – қойылатын.
Y1	Еркін сорғысы бар білік, стандартты мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын.
W1	Еркін сорғысы бар білік, ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, консистенттік маймен майланатын.
Z1	Еркін сорғысы бар білік, ауыр пайдалану жағдайларына арналған мойынтіректі буын, маймен майланатын
X	Анайы орындалым

Құбырлық қосылым коды

E	AS 2129 бойынша ернемек
F	EN 1092-2 сәйкес DIN бойынша ернемек
G	ASME B16.1 сәйкес ANSI бойынша ернемек
J	JIS B2210 сәйкес JIS бойынша ернемек

Ернемектерде мүмкін болатын қысым (PN – номиналды қысым)

1	10 бар
2	16 бар
3	25 бар
4	40 бар
5	Басқа мүмкін болатын қысым

Материал (1-кестені қар.)**Эластомерлер**

Бірінші әріп сорғы қақпағының шығыршықты тығыздағыш материалын және тығыздағыш қақпағын (тығыздағыш қақпағы қосарлы бүйірлік тығыздағыш) білдіреді. Екінші әрпі бүйірлік тығыздағыш корпусының шығыршықты тығыздағыш материалын білдіреді.

E	EPDM
F	FXM (Fluoraz®)
K	FFKM (Kalrez®)
M	FEPS (PTFE-ден жасалған қабықшадағы силиконды шығыршақты тығыздағыш)
V	FKM (Viton®)
X	HNBR

Білік тығыздағышы

B	Тығыздамалы тығыыздағыш
C	Дара картриджді тығыздағыш
D	Қосарлы картриджді тығыздағыш
O	«back-to-back» (бір-біріне жазылған) қосарлы тығыздағыш
P	«tandem» (бір-бірінің артында тұратын) қосарлы тығыздағыш
S	Дара тығыздағыш

Сорғыдағы білік тығыздағышы

Кодтағы әріптер немесе сандар білік тығыздағышының типіне немесе эластомер типін білдіреді.

4 әріптер: Дара механикалық білік тығыздағышы (мыс. BQQE) немесе дара картриджді тығыздағыш (мыс. HBQV).

4 сандар: Қосарлы тығыздағыш (мыс. 2716 – DQQV (бастапқы тығыздағыш) болғанда 27, ал 16 – BQQV (қайталама тығыздағыш)) немесе қосарлы картриджді тығыздағыш (мыс. 5150 – DQQV (бастапқы тығыздағыш) болғанда 51, ал 50 – HBQV (қайталама тығыздағыш)).

1-мысал NK 32 -125 .1 /142 A1 F 1 A E S BAQE**2-мысал NKG 125 -100 -160 /160-142 H2 F 3 N KE O 2926**

1-мысал: NK 32-125.1 сорғысының құрылымдық ерекшеліктерінің мағынасын ашу

- төмендетілген
- жұмыс дөңгелегі 142 мм
- консистенттік маймен майланатын стандартты мойынтіректі буын
- муфта-стандарт
- EN 1092-2 сәйкес DIN бойынша ернемекті құбырлық қосылым
- PN 10 ернемектері
- EN-GJL-250 сорғысының шойын корпусы
- EN-GJL-200 шойынды жұмыс дөңгелегі
- жарықтық тығыздағышының қола/латунды шығыршығы
- N 1.4021/1.4034 тот баспайтын болаттан жасалған білігі
- шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
- біліктің бүйірлік тығыздағышы
- біліктің бүйірлік тығыздағышының типі – BAQE.

2-мысал: NKG 125-100-160 сорғысының құрылымдық ерекшеліктерінің мағынасын ашу

- 160-142 мм, коникалық жұмыс дөңгелегі
- консистенттік маймен майланатын ауыр пайдалану жағдайына арналған мойынтіректі буын
- муфта-қойлатын
- EN 1092-2 сәйкес DIN бойынша ернемекті құбырлық қосылым
- PN 25 ернемектері
- EN 1.4408 тот баспайтын болаттан жасалған сорғы корпусы
- EN 1.4408 тот баспайтын болаттан жасалған жұмыс дөңгелегі
- жарықтық тығыздағышының шығыршығы, карбон-графит, PTFE (Graflon®)
- EN 1.4401 тот баспайтын болаттан жасалған білігі
- бүйірлік тығыздағыш корпусының шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
- «back-to-back» қосарлы білік тығыздағышы
- бастапқы білік тығыздағышы: DQQK
- қайталама білік тығыздағышы: DQQE.

1-кесте

	Сорғы корпусы	Жұмыс деңгелегі	Жарықтық тығыздағыш шығыршығы	Білік
A	EN-GJL-250	EN-GJL-200	Қола/жез	1.4021/1.4034
B	EN-GJL-250	қола CuSn10	Қола/жез	1.4021/1.4034
C	EN-GJL-250	EN-GJL-200	Қола/жез	1.4401/1.4408
D	EN-GJL-250	қола CuSn10	Қола/жез	1.4401/1.4408
E	EN-GJL-250	EN-GJL-200	EN-GJL-250	1.4021/1.4034
F	EN-GJL-250	қола CuSn10	EN-GJL-250	1.4021/1.4034
G	EN-GJL-250	EN-GJL-200	EN-GJL-250	1.4401/1.4408
H	EN-GJL-250	қола CuSn10	EN-GJL-250	1.4401/1.4408
I	1.4408	1.4408	1.4517	1.4462
J	1.4408	1.4408	Карбон-графит-толтырылу, PTFE (Graflon®)	1.4462
K	1.4408	1.4408	1.4517	1.4401/1.4408
L	1.4517	1.4517	1.4517	1.4462
M	1.4408	1.4517	1.4517	1.4401/1.4408
N	1.4408	1.4408	Карбон-графит-толтырылу, PTFE (Graflon®)	1.4401/1.4408
P	1.4408	1.4517	Карбон-графит-толтырылу, PTFE (Graflon®)	1.4401/1.4408
R	1.4517	1.4517	Карбон-графит-толтырылу, PTFE (Graflon®)	1.4462
S	EN-GJL-250	1.4408	Қола/жез	1.4401/1.4408
T	EN-GJL-250	1.4517	Қола/жез	1.4462
U	1.4408	1.4517	1.4517	1.4462
W	1.4408	1.4517	Карбон-графит-толтырылу, PTFE (Graflon®)	1.4462
X	Арнайы орындалым			

Біліктің бүйірлік тығыздағышы

Біліктің бүйірлік тығыздағышы кодтарының мағынасын ашу

(1) – (4) айқындамалар білік тығыздағышын сипаттайды.

Мысал	(1)	(2)	(3)	(4)
Grundfos тығыздағышы типінің белгілері				
Жылжымалы тығыздағышты шығыршық материалы				
Жылжымайтын тығыздағышты шығыршық материалы				
Жарықшақты тығыздағыш шығыршығын қоспағанда, қайталама тығыздағыш материалдары				

Кесте өзіне (1), (2), (3) және (4) айқындамасына түсініктерін қосады.

Айқ.	Типі	Қысқаша сипаты
(1)	A	Жылжымайтын «ерімен» тығыздағышты шығыршық
	B	Резеңке сальфонды тығыздағыш
	D	Теңдестірілген сальфонды (шығыршықты) тығыздағыш
	G	Үйкеліс бетінің азайтылған көлемімен B типіндегі резеңке сальфонды тығыздағыш
	H	Теңдестірілген картриджді тығыздағыш
Айқ.	Типі	Материалы
(2) және (3)	A	Металданған графит (құрамында сүрме болатындықтан ауыз су үшін қолдану ұсынылмайды)
	B	Синтетикалық қара май сіңірілген графит
	Q	Кремний карбиді
Айқ.	Типі	Материалы
(4)	E	EPDM
	V	FKM (Viton®)
	F	FXM (Fluoraz®)
	K	FFKM (Kalrez®)
	X	HNBR
U	FFKM-нен жасалған жылжымалы және PTFE жылжымайтын шығыршық	

Сальникті тығыздағыш (NK,NKG)

Біліктің бүйірлік тығыздағышының баламасы ретінде сальникті тығыздағыштың әр түрлі типтері қолданылады. Сальникті тығыздағыштың табиғи жұмыс сұйықтығы жылыстауы болуынан, аса қолайлы болып табылады. Сальникті тығыздағыш бүйірлік тығыздағышты қолдануға мүмкіндік бермейтін жүйеге талабын қолданбауында ұсынылады (мысалы, өрт сөндірудің кейбір жүйелері). NKG типтегі сорғылар үшін сальниктің үш типі қолжетімді: SNE(x), SNO(x) SNF(x).

Сальникті тығыздағыштың мағынасын ашу

(1) – (4) айқындамалар сальникті тығыздағышын сипаттайды.

Айқ.	Типі	Қысқаша сипаты
(1)	S	Толтыру типі
Айқ.	Типі	Бекітпелі сұйықтық
(2)	N	Салқындатылмайтын сальник
Айқ.	Типі	Құбыр сұйықтығы
(3)	E	Ішкі бекітпелі сұйықтығымен
	F	Сырттағы бекітпе сұйықтығымен
	O	Бекітпе сұйықтығынсыз
Айқ.	Типі	Материалы
(4)	A	PTFE-мен сіңірілген рами талшығынан жасалған Buraflon® сальникті толтырылымы және сорғы корпусындағы EPDM тығыздағыш шығыршығы
	B	Графит қосып, PTFE жібінен жасалған Thermoflon® сальникті толтырылымы және сорғы корпусындағы EPDM тығыздағыш шығыршығы.
	C	PTFE-мен сіңіріліп, рами талшығынан жасалған Buraflon® сальникті толтырылымы және сорғы корпусындағы FKM тығыздағыш шығыршығы.
	D	Графит қосып, PTFE жібінен жасалған Thermoflon® сальникті толтырылымы және сорғы корпусындағы FKM тығыздағыш шығыршығы.

Ескертпе: Сальникті тығыздағышы бар сорғылары тек тапсырыс арқылы ғана қолжетімді. Grundfos компаниясына жүгініңіз.

Бүйірлік және сальниктібілік тығыздағышының сандық және әріптік белгілерінің сәйкестілігі.

Сандар	Әріптер	Сипаты
10	BAQE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
11	BAQV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
12	BBQE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
13	BBQV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
15	BQQE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
16	BQQV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
17	GQQE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
18	GQQV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
19	AQAE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
20	AQAV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
21	AQQE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
22	AQQV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
23	AQQX	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
24	AQQK	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
25	DAQF	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
26	DQQE	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
27	DQQV	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
28	DQQX	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
29	DQQK	Біліктің дара механикалық тығыздағышы
50	HBQV	Картриджді тығыздағыш
51	HQQU	Картриджді тығыздағыш
52	HAQK	Картриджді тығыздағыш
	SNEA	Ішкі сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Buraflon®1), шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
	SNEB	Ішкі сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Thermoflon®2), шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
	SNEC	Ішкі сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Buraflon®1), шығыршықты тығыздағыш материалы – FKM
	SNED	Ішкі сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Thermoflon®2), шығыршықты тығыздағыш материалы – FKM
	SNOA	Ішкі сұйықтық қақпағынсыз сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Buraflon®1), шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
	SNOB	Ішкі сұйықтық қақпағынсыз сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Thermoflon®2), шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
	SNOC	Ішкі сұйықтық қақпағынсыз сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Buraflon®1), шығыршықты тығыздағыш материалы – FKM
	SNOD	Ішкі сұйықтық қақпағынсыз сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Thermoflon®2), шығыршықты тығыздағыш материалы – FKM
	SNFA	Сыртқы сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Buraflon®1), шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
	SNFB	Сыртқы сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Thermoflon®2), шығыршықты тығыздағыш материалы – EPDM
	SNFC	Сыртқы сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Buraflon®1), шығыршықты тығыздағыш материалы – FKM
	SNFD	Сыртқы сұйықтық қақпағы бар сальникті тығыздағыш, сальникті толтырылым Thermoflon®2), шығыршықты тығыздағыш материалы – FKM
		1) PTFE сіңіріліп, рами талшығынан жасалған Buraflon® сальникті толтырылымы
		2) Графит қоспасы бар PTFE жібінен жасалған Thermoflon® сальникті толтырылым

Ескертпе
 Электрлі емес бөлшегінің мүмкін болатын
 Ex-маркалануы
 - IIGb с T3 – T5
 - IIGc с T3 – T5
 - IIIDb с 125°C
 - IIIDc с 125°C
 Электрлі емес бөлшегінің мүмкін болатын
 Ex-маркалануы (орнатылған электр
 қозғалтқышына байланысты)

1. CEMP

- 1 Ex d IIB T3–T6 Gb
- 1 Ex d IIC T3–T5 Gb
- 1 Ex d e IIB T3–T5 Gb
- 1 Ex d e IIC T3 – T6 Gb
- 2 Ex nA II T3 Gc

2. ATB

- 1 Ex d IIB T3, T4, T6 Gb
- 1 Ex d IIC T3, T4, T6 Gb
- 1 Ex d e IIB T3 – T4 Gb
- 1 Ex de IIC T3 – T4 Gb
- 1 Ex e II T3 – T4 Gb
- 2 Ex nA II T3 Gc

- Ex tD A21 IP6X T120°C

- Ex tD A22 IP55 T*°C

- Ex tD A22 IP65 T*°C

3. VEM

- 1 Ex e II T3 – T4 Gb
- 1 Ex d IIB T4 Gb
- 1 Ex d IIC T4 Gb
- 1 Ex d e IIB T4 Gb
- 1 Ex d e IIC T4 Gb
- 2 Ex nA II T3 Gc
- Ex tD A21 IP65 T125°C...T105°C
- Ex tD A22 IP55 T125°C...T105°C

4. ABB

- 1 Ex d IIB T4 Gb
- 1 Ex d IIC T4 Gb
- 1 Ex de IIB T3 – T4 Gb
- 1 Ex de IIC T3 – T4 Gb
- 2 Ex nA II T3 Gc
- 1 Ex e II T3 Gb
- Ex tD A21 IP5X T125°C
- Ex tD A21 IP5X T125°C
- Ex tD A22 IP6X T125°C
- Ex tD A22 IP6X T125°C

Температура жіктелімінің белгіленуінде «*»
 белгісі нақты температуралық жіктелімнің
 температура тегінің орнатуына немесе
 қоршаған орта температурасына
 байланысты екендігін көрсетеді.

Ескертпе

Сорғының электрлі емес бөлшегі «“с”»
 құрылымдық қауіпсіздіктен қорғанышы»
 жарылыстан қорғау түріне ие.

Электр қозғалтқышының жарылыстан
 қорғаудан қамтамасыз ету заттары сәйкес
 электр қозғалтқышына Құрастыру және
 пайдалану бойынша нұсқаулық көрсетілген
 (жеткізу жиынтығына енеді).



5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.


Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе
 Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеу қажет болады.




Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.




Ескертпе
 Қуаттылығы 4 кВт жоғары сорғылық агрегаттарды электр қозғалтқыштың тек рым-бұрандаларынан ұстап көтеруге тыйым салынады.

Сорғылар нейлонды строптила және қамыттар көмегімен көтерілмеуі керек.



5-сур. Сорғыны арқандаудың дұрыс әдістері



6-сур. Сорғыны арқандаудың қате әдістері

6. Қолданылу аясы

Сорғылар ыстық және суық суды айдауға арналған, мысалы:

- жылыту қондырғыларында;
- жылыту жылу орталықтарында;
- тұрғын жайларға арналған жылыту қондырғыларында;
- тұрғын үй орамдарына арналған жылыту қондырғыларында;
- салқындатқышта;
- мұздатқыш қондырғыларында;
- тұрғын үй аудандарында, мекемелерде және өндірістік кәсіпорындарында.

Бұдан басқа, бұл сорғыларды сұйықтықтарды айдауға және сумен жабдықтау үшін қолданады, мысалы:

- жуу агрегаттарында;
- тұрмыстық пайдалану үшін су беру қондырғыларында;
- өндірістік қондырғыларда.

Қондырғылардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, олардың параметрлерінің таңдалған саласы сорғының қуаттылығы диапазонының шегінен шықпағаны маңызды.

TM03 3948 1206

TM03 3769 1006

Жұмыс сұйықтықтары

Таза, жабысқақ емес, агрессиялы емес және жарылыс қауіпсіз қатты немесе ұзын талшықты қосылымсыз сұйықтықтар. Айдалатын сұйықтық сорғының материалына механикалық немесе химиялық әсерін тигізбеуі тиіс.

Мысалдар:

- орталықтан жылыту жүйесіне арналған су (судың сапасы жылыту жүйелеріндегі суға арнайы қабылданған талаптарға сәйкес болуы керек);
- салқындатқыш сұйықтық;
- тұрмыстық қолдануға арналған су;
- өнеркәсіптік сұйықтықта қолданылатын;
- Н-катионирленген су.

Егер айдау сұйықтығын, судың тығыздығы және/немесе тұтқырлығынан ерекшеленетін тығыздық және/немесе тұтқырлықты қамтамасыз ету қажет болса, мұндай жағдайда сорғының гидравликалық қуатына байланысты мына төмендегі факторларға назар аудару керек:

- айдау қысымының төмендеуі;
- гидравликалық қуаттың құлауы;
- сорғының тұтынылатын қуатын арттыру.

Мұндай жағдайларда үлкен қуаттағы электр қозғалтқыштарымен сорғыларды жабдықтау қарастырылады.

Күмәнді жағдайларда Grundfos фирмасымен байланысуды өтінеміз. EPDM (этилен-пропиленді үш есе сополимер СКЭПТ) резеңкесінен дөңгелек қиылысының стандартты тығыздағыш шығыршығы ретінде орнатылатындар, ең бірінші кезекте, су үшін жарамды. Егер айдау сұйықтығы минералды/синтетикалық майдан немесе химикаттардан тұрса, немесе суға емес басқа сұйықтықтарға айдау сұйықтығының қажеттігі туындаса, онда бұл үшін, сәйкес материалдан дөңгелек қиылыстың тығыздағыш шығыршығын таңдап алу керек.

Жарылысқа қорғалған орындалымындағы сорғылар

I топ		II топ					
M санаты		1 санаты		2 санаты		3 санаты	
1	2	G	D	G	D	G	D
Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	NK(G)	NK(G)	NK(G)	NK(G)
		0-аймақ	20-аймақ	1-аймақ	21-аймақ	2-аймақ	22-аймақ

7. Қолданылу қағидаты

NK(E), NKG(E) сорғыларының жұмыс қағидаты кіріс келте құбырынан шығысқа жылжыған сұйықтық қысымын арттыруға негізделген. Қысымды арттыру муфта арқылы сорғы білігіне электр қозғалтқышының білігінен, кейін айналмалы жұмыс дөңгелегі арқылы сұйықтыққа тікелей механикалық энергия берілісі жолымен өтеді. Сұйықтық кірістен жұмыс дөңгелегінің орталығына ағады және ары қарай қалақша түбіне ағады. Сыртқа тебуші күштер әсерінен сұйықтық артады, сәйкесінше шығыс келте құбырында қысым түзетін кинетикалық энергия көбейеді. Шиыршық камера (ұлу) жұмыс дөңгелегінен сұйықтық жинауға және оны шығыс ернемекке бағыттау үшін арналған.

8. Құрастыру

8.1 Құрастыру алдында орындалатын тексерулер

Мердігер жабдықты еткізген уақытта оның тот басу мен зақымдану қаупін тудырмайтын жағдайларда сақтанатындығына көз жеткізе отырып тексеруі керек.

Егер жабдықты пайдалануға енгізгенге дейін алты ай уақыт өтетін болса, сорғының ішкі бөлшектеріне тотығуға қарсы болатын сәйкес жабындар салу керек. Қолданылатын тотығуға қарсы жабындар өздері түйісетін резеңке бөлшектерін бұзбауы керек. Тотығуға қарсы жабындар жеңіл жойылады. Сорғыға су, тозаң, лай және т.б. түсіп кетуінен қорғау үшін, саңылау құбыр жетегіне жалғанғанға дейін тығындалуы керек. Іске қосу-жөндеу жұмыстарының

уақытында басқа объектілер болуына байланысты сорғыны бөлшектеуге кететін шығындар едәуір. Біліктің механикалық тығыздағышы өзімен прецизионды буындарды танытады.

Егер жақын арада орнатылған сорғыда біліктің механикалық тығыздағышы істен шығатын болса, әдетте бұл бірнеше алғашқы пайдаланылым уақытында орын алады. Мұндай істен шығулардың бірнеше себептері білік тығыздағышын немесе тығыздағыш сұйықтыққа арналған құбыржетегін қате құрастыру және/немесе пайдалану орнында сорғыны орнату және құрастыру барысындағы қателіктер болып табылады. Тасымалдау үшін, діріл мен соққыдан білік пен тығыздағыштың зақымдануына жол бермеу үшін, сорғы бекітіледі.

8.2 Орнатылым орнына қойылатын талаптар

Сорғы мұздап қалу қаупі жоқ, желдетілген, құрғақ орнында орнатылады.




Ескертпе
Ыстық суды аударып қатару барысында персоналдардың ыстық беттерге түйісу мүмкіндіктерін болдырмау керек.


Қарау және жөндеу үшін, сорғы немесе электр қозғалтқышының бөлшектеуін орындауға мүмкіндік беретін бос кеңістікті алдын ала қарастыру керек.

- 4 кВт дейінгі қуаттағы электр қозғалтқыштарымен сорғылары үшін, электр қозғалтқышының үстінен 0,3 м бос кеңістігін қамтамасыз ету керек.
- 5,5 кВт дейінгі және одан жоғары қуаттағы электр қозғалтқыштарымен сорғыларына сорғыны көтеру үшін, 1 м бос кеңістігін қамтамасыз ету керек.

0,25 - 4 кВт




5,5 кВт және одан жоғары



7-сур. Қозғалтқыш артындағы кеңістік

8.3 Тақта-негізді NB, NBG сорғысына арналған фундамент

Grundfos компаниясы барлық қысымды буында ұдайы тұрақты тіреуді қамтамасыз ету үшін, жеткілікті көтергіш қабілетін иеленетін бетонды фундаментке сорғыны орнатуды ұсынады. Фундамент кез-келген діріл, сызықтық түр өзгерісін және соққы жүктемесінің сіңірілу күйінде болуы керек. Тәжірибеде бетонды негіз тығыздығы сорғы қондырмасының салмағын 1,5 рет артуы керек екендігінің ережесін ұстанады. Бетонды фундамент көлемі барлық периметрі бойымен көтергіш қаңқаның 100 мм артық болуы керек. 8-сур. қар.




8-сур. Фундамент, X=мин. 100 мм


Фундаментті мейлінше жоғары биіктігі (h_f) мына формула бойынша есептеле алады.

$$h_f = \frac{m_{\text{сорғы}} \times 1,5}{L_f \times B_f \times \delta_{\text{бетон}}}$$


Бетон тығыздығы (δ) 2.200 кг/м³-ке тең. Сорғыны фундаментке орнатып бекіту. Салмақ түсетін қамқаның барлық алаңы бойынша тіреуі болуы керек 9-сур. қар.



9-сур. Ыңғайлы фундамент



10-сур. Қате фундамент



11-сур. Құюға арналған саңылауы бар тақта-негіз

Сорғыны құрастыру алдында фундаментті дайындап алу керек.

Тақта-негізі бар НК, NKG сорғылары цементтік ерітінділерді құюға арналған.

55 кВт және одан артық қуатындағы электр қозғалтқышы бар НК, NKG 2-полюсті сорғыларына айналатын қозғалтқыш дірілі мен сұйықтық ағынының өзгерісін болдырмау үшін, тақта-негізді цементті ерітіндімен толтыру міндетті.

	P2 ≤ 45 кВт	P2 ≥ 55 кВт
2 полюсті	Толтыру міндетті емес	Толтыру міндетті
4 полюсті	Толтыру міндетті емес	
6 полюсті	Толтыру міндетті емес	

TM03 3771 1206

TM03 3950 1206

TM03 4324 1206

TM03 4587 2206

8.3.1 Өрекеттер тәртібі

1. Фундаментті дайындау
2. Қаңқа-негізді туралау
3. Алдын ала туралау
4. Цементтік ерітіндімен құю
5. Ортақ білікті күйін соңғы реттеу, 9.4 *Остілікті реттеу* тарауын қар.

1: Фундаментті дайындау

Жақсы фундамент құру үшін, келесілерді орындау керек.

Кезең	Өрекет	Иллюстрация
1	Құю үшін, отырылмайтын бетонды қолдану керек. (Цементті жеткізушімен кеңесіңіз). Фундаментті құю соңғы биіктігінен 19-32 мм шегінде ажыратылусыз тұтас болуы керек. Цементтік ерітіндіні тең етіп тарату үшін, дірілді сығымды қолдану керек. Фундаменттің жоғарғы бетінде бетонды салар алдында терең кедір-бұдыр немесе арық түзу қажет. Сол уақытта ерітінді бетімен жақсы ұсталады.	
2	Фундаменттік бұрандалар бетонға құйылады. Ерітіндіні салу, төсемдерді, тақта-негіздің төменгі ернемегін орнатқаннан кейін, шайбаны кигізуге және сомынды бұрау үшін, олардың ұзындықтары жеткілікті болу керек.	
3	Тақта-негіздің цементтік ерітіндісімен тегістеу және құю алдында фундамент толығымен қатуы керек, бұл бірнеше күн уақытын алады.	

TM03 0190 4707

2: Қаңқа-негізді туралау

Кезең	Өрекет	Иллюстрация
1	Тақта-негізді соңғы деңгейіне бетонды фундаменттің үстіне 19-32 мм деңгейге көтеру және оны сыналар, фундаменттік бұрандалар астында және олардың арасындағы төсемдер көмегімен тіреу.	
2	Қаңқа-негізді оған төсемді қоса немесе алып тастай отырып туралау.	
3	Фундаменттік бұрандалар сомындарын тақта-негіз бетіне тарту. Құбыр жетегінің сорғы ернемегімен құбыр жетегінде немесе ернемекте форма өзгерісінің кернеуін туғызбай, жалғастыра алуын тексеріңіз.	

TM04 0489 0708

TM04 0489 0708

3: Алдын ала орталықтандыру



Ескертпе
Жұмысты бастар алдында, электр қорегінің ажыратылғандығына және кездейсоқ немесе абайсыздықтан қосылмайтындығына көз жеткізіңіз.

Сорғы немесе қозғалтқыш дайындаушы зауыттағы қаңқа-негізге ості болып орналасқан. Тасымалдау барысында қаңқа-негіз бұзылуы мүмкін, цементтік ерітіндімен соңғы толтырар алдында остілігін тексеріп алу керек. Тегіс муфта осінен елеусіз ауытқуларында ғана орнын толтырады, сорғы мен электр қозғалтқышының біліктерінің үлкен қозғалтуларында түзету үшін, оны қолдануға болмайды. Ортаға қате дәлдеу діріл туындауына және жарықтық тығыздағыш білігі мен шығыршығының мойынтірегінің шамадан тыс тозуына алып келеді.






Ескертпе
Электр қозғалтқышын ортаға дәлдеу сорғының қозғалуынан құбыржетектерінен кернеу туындауы барысында ғана орындалады.

Электр қозғалтқышын ортаға дәлдеу қозғалтқыш астына салынатын әр түрлі қалыңдықтағы төсемдер көмегімен орындалады. Бірнеше жұмсақ төсемдер орнына тек бір ғана қалыңын қолдануға болады.

9.4 Остілігін реттеу тарауын қар.

4: Цементтік ерітіндімен құю

Цементтік ерітіндімен құю фундаменттің тегіс еместігінің орнын толтырады, оның салмағын таратады, дірілді сіңіреді және жылжытудың алдын алады. Құюға отырылмаған бетон алынады. Егер сізге цементтік ерітіндімен құюға қатысты қандай да бір анықтаулар қажет болса, цементтік құю бойынша маманға жүгініңіз.

Кезең	Әрекет	Иллюстрация
1	<p>2К бұрандалары үшін, желімнің көмегімен фундаментте болат өзекті бекіту керек.</p> <p>Болат өзектер саны тақта-негіз өлшеміне байланысты болады, алайда тақтаның барлық алаң бойымен 20 өзектен кем етпей тең дәрежеде тарату ұсынылады.</p> <p>Әрбір болат өзектің еркін ұшы ерітіндімен дұрыс құю үшін, тақта-негіз биіктігінен 2/3 құрау керек.</p>	 <p>Кемі 20 өзек</p>
2	<p>Фундаменттің жоғарғы бетін мұқиятты түрде ылғалдап, кейін бетінен барлық суды жойып тастау керек.</p>	
3	<p>Екі тақта-негіз бүйірлерінен лайықты қорама қалып жасау қажет.</p>	 <p>Қорама қалып</p>
4	<p>Цементтік ерітіндіні құяр алдында, егер бұл мүмкін болса, тақта-негіздің көлденеңділігін қайта тексеру. Тақта-негіз саңылауы арқылы тақта астындағы кеңістік толығымен отырылмайтын ерітіндіні құю керек. Құрама қалыпты цементтік ерітіндімен қаңқа-негіздің жоғарғы бөлігіне дейін толтыру керек.</p> <p>Құбыр жетегін сорғыға қосар алдында ерітінді кебуі тиіс (құюдың стандартты үдерісі барысында 24 сағат жеткілікті). Ерітінді тиісінше бекігеннен кейін, фундаменттік бұрандаларды тексеру керек және қажеттілігіне қарай қысып байлау керек.</p> <p>Құйғаннан кейін екі апта өткен соң немесе фундаментті ылғалдан және атмосфералық шөгуден қорғау үшін, бетон толығымен кепкеннен кейін, майлы негіздегі бояуды ашық бетіне жағу керек.</p>	

TM04 0490 0708/TM04 0491 0708

TM03 4590 2206

TM03 2946 4707

8.4 Остілікті реттеу

8.4.1 Жалпы мәліметтер

Сорғы агрегаттарын жинағымен зауыттан жеткізген кезде, сорғы мен электр қозғалтқышының тірек беттерінің астында орнатылған жұқа төсемдерінің есебінен ортаға техникалық талаптар талап еткеніндей, ортаға дәлдікпен тураланған болатын.

Сорғы мен электр қозғалтқышының остілігі тасымал және құрастыру барысында бұзылатын болғандықтан, сорғыны іске қосар алдында оны қайталап тексеру керек.


Сорғыны қалыпты пайдалану жағдайлары барысында өзінің жұмыс температурасына дейін соңғы остілігін тексеру маңызды.

8.4.2 Блокты орталыққа дәлдеу

Сорғы мен электр қозғалтқышының өзара күйлерін реттеуді дұрыс орындау өте маңызды. Төменде келтірілген нұсқауларын орындау.

Ø және S2 мәндері келесі кестеде келтірілген.









S1 мәні 0,2 мм-ге тең.



12-сур. Остілікті реттеу

TM01 8753 0800

Сорғы мен электр қозғалтқышының өзара күйлерін сызғыш көмегімен реттеу

Кезең	Әрекет	Кезең	Әрекет
1	 <p>Сорғы мен электр қозғалтқышның остілігін алдын ала реттеуді орындау және сәтін көрсете отырып, қаңқа-негіз бұрандаларын тарту. «Тарту сәттері», 1-қосымшаны қар.</p> <p>TM03 8340 1007</p>	5	 <p>Электр қозғалтқышының күйін реттеу. Қозғалтқышты бекітетін бұрандаларды тарту.</p> <p>TM03 8321 1007</p>
2	 <p>Муфтаға маркермен белгі қою.</p> <p>TM03 8301 1007</p>	6	 <p>Қажетті қалыңдықтағы төсемдерін орнату</p> <p>TM03 8322 1007</p>
3	 <p>Қуыс бұрғы көмегімен егер ол бар болса, саңылауын анықтау үшін, сызғышты муфтаға қойыңыз.</p> <p>TM03 8300 1007</p>	7	 <p>Талап етілген сәтіммен бұрандаларын тарту. 3-тармаққа өту, остілігін тағы бір рет тексеру.</p> <p>TM03 8324 1007</p>
4	 <p>Муфтаны 90 градусқа бұру және сызғыш және қуыс бұрғы көмегімен өзгерісін тексеру. Егер өзгерген мәндер 0,2 мм-ден аз болатын болса, сорғы мен қозғалтқыш күйінің өзара реттелімі аяқталады. 8-тармаққа өтіңіз.</p> <p>TM03 8302 1007</p>	8	 <p>S2 саңылауын тігінен және көлденеңінен тексеріңіз. «S2 саңылауының ені» кестесін қараңыз. Егер саңылау ені рұқсат етілген шегінде болатын болса, сорғы және қозғалтқыштың өзара күйін реттеу аяқталады. Кері жағдайда 6-тармаққа өту.</p> <p>TM03 8325 1007</p>

Сорғы мен электр қозғалтқышының өзара күйлерін лазерлік жабдық көмегімен реттеу

Кезең	Әрекет	Кезең	Әрекет
1	 <p>Сорғы мен қозғалтқыштің остілігін алдын ала реттеуді орындау және көрсетілген сәттерімен қаңқа-негіз бұрандаларын тарту. <i>Тарту сәттері, 1-қосымшаны қар.</i></p> <p>TM03 8340 1007</p>	7	 <p>Ақ сызықтар аралығындағы қашықтықты лазерлі өлшегіштер көмегімен өлшеңіз.</p> <p>TM03 8309 1007</p>
2	 <p>Сорғының муфтасында бір лазерлік өлшегіш кронштейн бекіту.</p> <p>TM03 8303 1007</p>	8	 <p>Алынған мәндерді енгізу.</p> <p>TM03 8308 1007</p>
3	 <p>Басқа лазерлік өлшегіш кронштейн электр қозғалтқышының муфтасында бекіту.</p> <p>TM03 8304 1007</p>	9	 <p>Муфта арасында орталық нүктелеріне дейінгі S өлшегішінен ара қашықтығын өлшеу.</p> <p>TM03 8310 1007</p>
4	 <p>S лазерлі өлшегішті жылжымайтын, ал M өлшегішін жылжитын буынға орнату.</p> <p>TM03 8305 1007</p>	10	 <p>Алынған мәнді енгізу.</p> <p>TM03 8311 1007</p>
5	 <p>Лазерлік өлшегіштерін өзара жалғау және басқарудың блогына олардың бірін жалғау.</p> <p>TM03 8306 1007</p>	11	 <p>S өлшегішінен қозғалтқыштағы бірінші бұрандасына дейінгі ара қашықтығын өлшеу.</p> <p>TM03 8312 1007</p>
6	 <p>Лазерлі өлшегіштер бірдей биіктікте орналасқандығын тексеріңіз.</p> <p>TM03 8307 1007</p>	12	 <p>Алынған мәнді енгізу.</p> <p>TM03 8313 1007</p>

Кезең	Әрекет	Кезең	Әрекет
13	 <p>С өлшегішінен қозғалтқыштың сырт жағындағы бұрандасына дейінгі аралығын өлшеу.</p> <p>TM03 8314 1007</p>	19	 <p>Егер өзгерген мәндер 0,2 мм-ден аз болатын болса, сорғы мен қозғалтқыш күйінің өзара реттелімі аяқталады. 24-тармаққа өту.</p> <p>TM03 8320 1007</p>
14	 <p>Басқару блогы лазерлі өлшегіштердің «9 сағат» күйіне ауыстыру қажет екендігін көрсетеді.</p> <p>TM03 8315 1007</p>	20	 <p>Электр қозғалтқышының күйін реттеу. Қозғалтқышты бекіту бұрандаларын босату.</p> <p>TM03 8321 1007</p>
15	 <p>Лазерлі өлшегіштерді «9 сағат» күйіне ауыстыру.</p> <p>TM03 8316 1007</p>	21	 <p>Қажетті қалыңдықтағы төсемдерін орнату</p> <p>TM03 8322 1007</p>
16	 <p>Басқару блогындағы өзгерістерді нақтылау</p> <p>TM03 8319 1007</p>	22	 <p>Талап етілген сәтімен фундаментті бұрандаларын қайта тарту.</p> <p>TM03 8324 1007</p>
17	 <p>Лазерлік өлшегіштерін «12 сағат» күйіне ауыстыру. Басқару блогындағы өзгерісті нақтылау.</p> <p>TM03 8317 1007</p>	23	 <p>Реттеу өлшенген мәндер жол берілген шегіне жетпейінше, орындала беретін болады. 14-тармаққа өту.</p> <p>TM03 8320 1007</p>
18	 <p>Лазерлік өлшегіштерін «3 сағат» күйіне ауыстыру. Басқару блогындағы өзгерісті нақтылау.</p> <p>TM03 8318 1007</p>	24	 <p>S2 аралығын тексеріңіз. S2 саңылауының ені кестесін қараңыз.</p> <p>TM03 8325 1007</p>

Тарту сәттері

Сипаты	Габаритті өлшемдері	Тарту сәттері [Нм]
Алты қырлы бастиекті бұранда	M6	10 ± 2
	M8	12 ± 2.4
	M10	23 ± 4.6
	M12	40 ± 8
	M16	80 ± 16
	M20	120 ± 24
	M24	120 ± 24

S2 саңылауының ені

Муфтаның сыртқы диаметрі [м]	S2 саңылауының ені [мм]			
	Стандартты муфта		Қондыру муфтасы	
	Номиналды	Жол берілген ауытқулары	Номиналды	Жол берілген ауытқулары
80	-	-	4	0/-1
95	-	-	4	0/-1
110	-	-	4	0/-1
125	4	0/-1	4	0/-1
140	4	0/-1	4	0/-1
160	4	0/-1	4	0/-1
200	4	0/-1	6	0/-1
225	4	0/-1	6	0/-1
250	4	0/-1	8	0/-1

S2 ара қашықтығы муфта айналасында өлшенеді.

Нұсқау

Аса үлкен немесе тым аз мәндерінің арасындағы айырмашылық 0,2 мм-ден артпауы керек.

Егер муфта мен сорғы Grundfos фирмасымен жеткізілмесе, муфта дайындаушының нұсқауларын орындаңыз.



Ескертпе
Пайдалану уақытында муфта қаптамасы қауіпсіздік үшін үнемі орнатылуы керек.


8.5 Құбыр жетегі

8.5.1 Құбыр жетегі

Құбырды құрастыру барысында сорғының корпусына механикалық күш берілмеуі керек.

Сорып алатын және шығаратын құбыр сорғыға кіру қысымы мен сұйықтық қозғалысының жылдамдығы есебінің лайықты өлшемінде болуы керек.

Құбыр жетектері әсіресе сорып алуда ауа жиналмайтындай етіп құрастырылуы керек.




13-сур. Құбыр жетектері

Сорғының екі жағынан тазарту немесе жөндеуге арналған жүйені босатуға тура келмес үшін, ілмекті тиектерді орнату керек.

Құбыржетектерінің тіреулері сорып алатын және қысымды келте құбырларға мейлінше жақын орналасуы керек.

Контр-ернемектер соңғының зақымдануына алып келуі мүмкін болатындықтан, олардан сорғыға кернеу берілісін болдырмау үшін, ернемекке қатысты төселуі тиіс.



14-сур. Құбыржетегін құрастыру

TM05 3488 1412.

8.5.2 Байпас



Ескертпе
Сорғыны жабық тетік барысында пайдалану сорғыда температураның артуына/бу түзілуіне және оның салдары сорғының қаулануына алып келуі мүмкін болатындықтан, тиым салынады.

Егер сорғы жабық тетікте жұмыс істеуінен қауіп туындайтын болса, байпас сорғымен сұйықтықтың мейлінше төмен берілісін қамтамасыз етуіне көмектеседі. Шығыстың мейлінше төмен мәні номиналқы шығыннан 10 % кем болмауы керек. Шығыс пен қысым сорғының зауыттық тақтасында көрсетілген.

8.6 Дірілді болдырмау

8.6.1 Шуылды жою және дірілді болдырмау

Шуыл мен дірілді болдырмау үшін, сорғыны діріл оқшаулауға орнату және кернеу компенсаторларын қолдану ұсынылады. Бұл шаралар 11 кВт жоғары қуаттылығындағы электр қозғалтқышты сорғыларын пайдалану барысында міндетті тәртіппен қабылдануы керек. 90 кВт жоғары қуаттылығындағы электр қозғалтқыштары үшін, бұл шаралар міндетті тәртіпте қабылдануы тиіс. Дегенмен, шуыл мен дірілдің қайнар көздері электр қозғалтқыштары және төменгі өлшемдерімен болуы мүмкін.

Шуыл мен дірілді электр қозғалтқышының білігі мен сорғының айналымы барысында, сонымен қатар құбыр бойымен жұмыс сұйықтығының өтуі кезінде туындайды. Қоршаған ортаға әсері субъективті, ол жүйенің қалған элементтерінің құрастырылуы мен күйіне байланысты болады.

Шуыл мен дірілді жою үшін, ең тиімді жағдайлар діріл болдырмайтын тіреулер мен діріл қондырмалар болып табылады. 14-сур. қар.

TM00 2263 3393

8.6.2 Діріл болдырмайтын тіреулер

Ғимаратта діріл берілісінің алдын алу үшін, діріл оқшаулау тіреуінің көмегімен сорғылық қондырманың фундаментін қолдану ұсынылады.

Діріл тіреуін дұрыс таңдап алу үшін, келесі деректер болу керек:

- дірілге берілетін күштер
- электр қозғалтқышының айналым жиілігін ескеру керек
- %-дағы талап етілетін дірілді болдырмау (70 % ұсынылады).

Сорғылық қондырмалардың әр түрлі типтері үшін әр түрлі діріл болдырмайтын тіреулер қолданылады. Белгілі бір жағдайларда қате таңдалып алынған діріл болдырмау тіреулері діріл деңгейінің артуының себебіне айналады. Сондықтан діріл болдырмайтын тіреулер тіреу жеткізушімен ұсынылауы тиіс.

Сорғы ернемектеріне діріл тоқтататын тіреуі бар негізде сорғыны құрастырғанда, діріл ендірмелері орнатылады.

Сорғының ернемекте «теңселуінің» алдын алу керек.

8.7 Діріл ендірмесі

Діріл ендірмелері келесі мақсаттар үшін қызмет етеді:

- аударып қотару сұйықтығының температурасының тербелісінің нәтижесінде құбыр жетегінің жылылық кеңеюі немесе қысуынан болған түр өзгерісін қалпына келтіру;
- құбыр жетегінде қысымның өзгеруінен туындаған механикалық кернеуді төмендету;
- құбыр жетектеріндегі дірілдік шуылды оқшаулау (тек сызықтық кеңейтілімнің резеңке сальфондық компенсаторлары).

Діріл ендірмелері ось орталығы мен сынуы бойынша ернемектерді араластыру сияқты құбыржетектерінде орнатудың дәлсіздігінің орнын толтыру үшін орнатылмауы керек.

Нұсқау

Діріл ендірмелері орнатылуы тиіс болатын сорғыдан мейлінше төмен ара қашықтығы $1 - 1 \frac{1}{2} \times DN$ (құбырдың номиналды диаметрінен) құрайды, бұл сорып алатын, сонымен қатар қысымды құбыр жетегіне жатады. Осылайша баспа жағында сорып алу жағдайының жақсаруына және қысымның мейлінше төмен жоғалтуына алып келетін діріл ендірмелеріндегі ретсіздіктің туындауына алдын алады. Су ағынының 5 м/с артық шамасындағы жылдамдығы барысында құбыр жетегіне сәйкес ауқымды көлемде діріл ендірмесін орнату ұсынылады. Шектеулі тұтастырғысыз және олармен резеңке төсемді діріл ендірмелері 15 және 16-суреттерде көрсетілген.



TM02 4979 1902

15-сур. Резеңке төсемдерімен және шектеулі тұтастырғыларымен дірілді ендірмесі.




TM02 4981 1902

16-сур. Шектеусіз тұтастырғысыз резеңке төсемдерімен діріл ендірмесі

Шектеулі тұтастырғылы компенсаторлар құбырлық орауға созу/қысу күшінің әрекетін төмендету үшін қолданыла алады. DN 100 қарағанда ернемектер үшін артық, шектеулі тұтастырғылы дірілді ендірмелерді үнемі қолдану ұсынылады.

Құбыр жетектерін компенсаторлар мен сорғыда қосымша кернеудің туындауына алып келетіндей етіп бекітіңіз. Компенсаторларды құрастыру бойынша нұсқаулықтармен құбыр жетегін құрастыруды жүргізуші мамандарды таныстыра отырып, дәл сақтау керек.

17-суретте металды қондырма мен шектеулі тұтастырғылы діріл ендірмелері көрсетілген.




TM02 4980 1902

17-сур. Металды қондырмалы және шектеулі тұтастырғылы діріл ендірмесі

Қысымның +100 °C және жоғары температурасының бірлескен әсері барысында резеңке компенсаторлардың үзілу мүмкіндігінің қаупінен металды компенсаторларды пайдалану жақсырақ.

8.8 Мойынтірек кронштейні

8.8.1 Консистенттік майлауға арналған автоматты майсауыты бар мойынтірек кронштейні.



TM04 5173 2709


18-сур. Консистенттік майлауға арналған автоматты автоматты майсауыты бар мойынтірек кронштейні

Майсауыттар жеке алынады. Оларды мойынтірек кронштейніне орнату және майсауытқа берілген нұсқаулыққа сәйкес 12 ай ішінде босатуға баптау.

Консистенттік майлауға арналған автоматты майсауытының орнына сығымдалған майсауытты қолдануға болмайды. Майлауды тұрақты жаңартып отыру майлау функциясын және мойынтірек ресурсын қолдауда үлкен мәнге ие.

Назар аударыңыз

8.8.2 Майдың тұрақты деңгейлі жүйесі бар мойынтірек кронштейні.



TM04 5174 2709

19-сур. Майдың тұрақты деңгейлі жүйесі бар мойынтірек кронштейні.


Назар аударыңыз

Мойынтірек кронштейні майсыз жеткізіледі.

Нұсқау

Майдың тұрақты деңгейінің жүйесін май толтырғанға дейін, мойынтірек кронштейніне орнатады. Сұйыққойма биркасындағы нұсқаулықты қар.


Май құю



TM05 3612 1612

20-сур. Май құю

Кезең	Әрекет
1	Құю саңылауының тығынын бұрап босату.
2	Майсауытты жазып қою және майдың жалғастырғыш иінге жету үшін (1), құю саңылауы арқылы май құю. 21-сур. қар.
3	Май көрсеткіш сұйыққоймасына май толтыру және май көрсеткішін бастапқы күйіне қайтару. Сұйыққоймаға толтыру барысында ауа көпіршіктері толтырылады. Май қажетті деңгейіне жеткенге дейін (2) толтыруды жалғастыру. 21-сур. қар.
4	Сұйыққоймада көпіршіктер қалмағанда, оған майды үстеп құю және майсауытты жұмыс күйіне қайтару.
5	Құю саңылауының орнына тығын орнату.



TM04 4773 2009

21-сур. Май құю

Мойынтірек кронштейніндегі май деңгейі үнемі 21-сур. көрсетілгеніндей болуы керек.

Назар аударыңыз

Жұмыс уақытында май деңгейін үнемі тексеріп отырыңыз және қажеттілігіне қарай майды үстеп құйып отырыңыз. Май деңгейі үнемі қарау терезесінен көрініп тұруы керек.

Май деңгейін тексеру


Майдың тұрақты деңгейінің жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрған уақытта мойынтірек кронштейніндегі май деңгейі дұрыс болады. Майсауыттың жұмысын тексеру үшін, майдың тұрақты деңгейінің жүйесі жұмысын бастағанға дейін, яғни сұйыққоймадан ауа көпіршіктері көрінбейінше, ағызу саңылауынан майын баппен ағызып алыңыз.

Ернемектердегі күш және сәттері 1-қосымшада келтірілген.

8.9 Мойынтіректі тексеру

8.9.1 Діріл деңгейі

